

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Тарих және құқық институтының «6D011400-Тарих» мамандығының PhD докторанты Садыкова Асем Қайратқызының «Кәсіби педагогикалық білім беретін оқу орындарының тарихы (Жетісу және Сырдария облыстарының мысалында XIX ғасырдың II жартысы – 1917 ж.)» атты диссертациялық жұмысына

ШҚІР

1.Зерттеудің өзектілігі мен оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (ғылым мен техниканы дамыту және практика сұраныстарымен) байланысы

Әрбір педагог маманның жоғары кәсіби шеберлігінің болуы жоғары оқу орнында алған теориялық білімі мен кәсіби дайындығына байланысты. Осы тұрғыдан алғанда жоғары білім беру жүйесі, қоғамның болашақ мұғалімнің білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыруы қажет. XIX ғасырдың екінші жартысы XX ғасырдың бас кезеңінде қазақ өлкесінде жоғары оқу орындары болмады, кәсіби мамандарды дайындау орта оқу орындарының негізінде жүргізілді.Ресей империясының тәжірибиесіндегі кәсіби мамандарды дайындау тарихын зерттеу, өткеннен сабақ алу тақырыптың өзектілігін көрсетеді.

2. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдаған әрбір нәтиже тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі

-Жұмыс Татарстан Республикасының Орталық Мемлекеттік архиві, Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік архивінен алынған құжаттарға, тақырыпқа қатысты жарияланған Ресей империясының Халық Ағарту Министірлігінің шығарған құжаттары мен шешімдері жариялаған әр түрлі мазмұндағы деректер жинағы мен мерзімдік басылым деректеріне дәйектелген. Архив құжаттары алғаш ғылыми айналымға еніп отыр;

-Сырдария, Жетісу облыстарындағы кәсіби бастауыш сынып мұғалімдерін дайындау тарихының жүйесі, оның аймақтық ерекшелігі бұрын ғылыми айналымға түспеген архив құжаттары негізінде дәйектелуінде;

-Сырдария, Жетісу облыстарындағы бастауыш сынып мұғалімдерін дайындау мұғалімдер семинариясы мен қалалық училище жанынан ашылған педагогикалық курстар арқылы жүргендігін нақты деректер негізінде талдап көрсетуі;

-Мұғалімдер семинариясы, педагогикалық курсатардың материалдық жағдайы, оқу-тәрбие жұмысы үрдісі негізіндегі мұғалімдерді дайындау тәжірибиесінің тарихын талдап көрсету арқылы өңірлік ерекшелігін нақтылап көрсетуі.

3.Ізденушінің диссертациядағы тұжырымдаған әрбір ғылыми нәтижесі мен мен қорытындысының жаңалық деңгейі

-XIX ғасырдың екінші жартысы -1917 жылдарға дейінгі Сырдария, Жетісу облысындағы кәсіби педагогтарды дайындау тарихы мәселесінің жеке

зерттеу объектісі ретінде алғаш рет Қазақстан тарихнамасында зерттелгендіктен жаңалық деңгейі жоғары;

- Ізденушінің бастауыш сынып мұғалімдерін дайындау тарихы мұғалімдер семинариясы мен қалалық училищелер жанынан ашылған педагогикалық курстар негізінде жүрді деген тұжырым жасауының жаңалық деңгейі жоғары;

-Ізденушінің өңірлік теорияға негіздей отырып Сырдария, Жетісу облысындағы педагог мамандарын дайындау тарихының өзіндік ерекшелігі мен тәжірибиесін талдау көрсетуінің жаңалық деңгейі жоғары;

-Ізденушінің Түркістан, Верный мұғалімдер семинариясында білім алған шәкірттердің ұлттық, діни, әлеуметтік құрамын талдай отырып, бітірушілерге қатысты жасаған тұжырым деңгейі жоғары;

-Ізденушінің Ресей империясының өңірлік аймақтарда педагогтарды дайындау тәжірибесіндегі ұстанған бағытына қатысты тұжырым деңгейі жоғары.

Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталғандығы

-Зерттеу жұмысының теориялық нәтижелері Қазақстан тарихнамасындағы педагогикалық оқу орындарының тарихы және кәсіби педагог мамандарды дайындау тарихына қатысты мәселені жаңа қырынан шешуге және оның теориялық тұжырымдарын көрсетуге бағытталған;

-Зерттеу жұмысының теориялық нәтижелері жоғары оқу орындары, педагогикалық колледждерде педагогикалық оқу орындарының тарихына қатысты эллективті таңдау компоненттеріне енгізуге бағытталған және ізденуші жұмыста осындай бір пәннің оқу-бағдарламасының үлгісін ұсынады;

Зерттеу нәтижелері Қазақстанның жаңа тарихы кезеңі, оқу орындарының тарихы, педагогика тарихы үшін маңызы зор екендігін және зерттеу жұмысының осы міндеттерді шешуге бағытталғандығын атап өту қажет

Диссертацияның негізгі қағидасының нәтиженің, тұжырымдар мен қорытындыларының жариялануына растама

Зерттеудің негізгі нәтижелері, қорытынды мен тұжырымдары 11 мақалада көрсетілген, оның біреуі «Scopus» базасындағы журналда, үшеуі - ҚР БҒМ-нің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті мақұлдаған басылымда, 4-уі шет елдік конференцияларда және қалғандары басқалары республикалық конференция, энциклопедия жинақтарында.

Диссертация мазмұнында және рәсімделуіндегі кеткен кемшіліктер

Диссертацияда төмендегідей кемшіліктерді атап өткіміз келеді:

Зерттеу жұмысының жаңалығын жоғары бағалай отырып, жұмыс мазмұнындағы көрсетілген жаңалықтарды кіріспеде тағы да кеңейтіп көрсетсе деген ұсынысымыз бар

- Диссертацияда семинария шәкірттеріне қатысты кейбір мәліметтерді толықтыру туралы ұсыныс.

Диссертацияның Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің талаптарына сәйкестігі

Жоғарыда көрсетілген кемшіліктер мен ұсыныстар ізденушінің зерттеу жұмысы нәтижелерінің ғылыми-теориялық және практикалық құндылығын төмендетпейді. Автор алдына қойған міндеттерді толық аша білген. Ұсынылып отырған жұмыста бүгінгі күннің талабына сай теориялық және практикалық мәні жоғары ғылыми мәселе өз шешімін тапқан.

Ізденуші А.К.Садыкова «**Кәсіби педагогикалық білім беретін оқу орындарының тарихы (Жетісу және Сырдария облыстарының мысалында XIX ғасырдың II жартысы – 1917 ж.)**» тақырыбында орындалған докторлық диссертациясын қорғауға ұсынуға болады және Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитетінің «Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің» талаптарына сәйкес келеді. Ізденуші А.К.Садыкова 6D011400-«Тарих» мамандығы бойынша (PhD) философия докторы ғылыми дәрежесін беруге болады деп қорытынды жасаймыз.

Академик Т.С.Садықов атындағы
Қазақстан тарихы кафедрасының
аға оқытушы, тарих ғылымдарының
докторы



С.С.Сайфулмаликова